

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2026 жылғы 7 шілдедегі № 334-VIII ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) 129-баптың 4-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган жүргізетін мемлекеттік бақылауды қоспағанда, халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік бақылауға;"

2) 131-баптың 6-тармағының бірінші бөлігіндегі "тексерулерді" деген сөз "тексерулер мен халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы тергеп-тексерулерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 138-бап мынадай мазмұндағы 44-1) тармақшамен толықтырылсын:

"44-1) халықтың көші-қоны саласында;"

4) 139-бап мынадай мазмұндағы 10-3) тармақшамен толықтырылсын:

"10-3) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласында;"

5) 144-бапта:

2-тармақтың алтыншы бөлігіндегі "төртінші бөлігінде" деген сөздер "төртінші және бесінші бөліктерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың екінші бөлігінің күші халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) осы баптың 5-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2-1) тармақшалары негізінде жүргізілетін жоспардан тыс тексерулеріне қолданылмайды.";

6) 144-4-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы "тіркелмеген" деген сөзден кейін "дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың," деген сөздермен толықтырылсын;

7) 147-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "рұқсатын;" деген сөз "рұқсатын көрсетуге міндетті." деген сөздермен ауыстырылып, 4) тармақшасы алып тасталсын;

8) 149-баптың 4-тармағы:

"шығыстар" деген сөзден кейін ", дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы бақылау және қадағалау органының лауазымды адамдары іріктеп алған өнім үлгілеріне және өнім үлгілерін зертханалық зерттеуге арналған шығыстар дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндірушінің және (немесе) олардың тіркеу куәлігін ұстаушының есебінен қаржыландырылады.";

9) 192-баптың 4-тармағының үшінші бөлігіндегі "Өз қызметін" деген сөздер "Білім беру ұйымдарының "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабының 3-2-тармағында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыруы жағдайларын қоспағанда, өз қызметін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне:

1) 32-баптың 1-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) білімі туралы құжат, тиісті білімді, машықтар мен дағдыларды талап ететін жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде арнаулы білімінің немесе кәсіптік даярлығының, қайта даярлығының болуы туралы құжат.

Арнаулы білім – нақты лауазым, кәсіп немесе жұмыстар түрі бойынша еңбек міндеттерін тиісінше орындау үшін қажетті кәсіптік оқыту, даярлау, қайта даярлау немесе практикалық тәжірибе нәтижесінде алынған, белгілі бір кәсіптік саладағы теориялық және практикалық мәліметтер жиынтығы;"

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) білім деңгейіне қойылатын, тиісті кәсіптік стандарттарда немесе осы Кодекске сәйкес біліктілік талаптарында белгіленген талаптар болмаған жағдайда, кәсіптік біліктілікті тану туралы құжат (бар болса);" ;

2) 116-бап мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) кәсіптік оқыту – кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру нысанында жүзеге асырылатын, кәсіптік тұрғыдан даму мақсатында кәсіптік білімді, машықтар мен дағдыларды иелену, жаңарту немесе кеңейту, сондай-ақ жаңа кәсіпке (мамандыққа) ие болу процесі;" .

3. 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне:

1) 1-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 178-1) тармақшамен толықтырылсын:

"178-1) медициналық газ – қалыпты атмосфералық қысым мен бөлме температурасындағы, газ тәрізді күйдегі, терапиялық, диагностикалық немесе профилактикалық мақсатта организмге енгізуге арналған, дәрілік препарат болып саналатын кез келген зат немесе заттар қоспасы;" ;

193) тармақшадағы "бақылауды" деген сөз "бақылау мен қадағалауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

220) тармақшадағы "диагностиканың" деген сөз "диагностика мен санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 293-1) тармақшамен толықтырылсын:

"293-1) ішкі инфекциялық аудит – денсаулық сақтау ұйымы орындайтын, медициналық ұйымдарда медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялардың пайда болуы мен таралуының алдын алуға бағытталған ұйымдастыру түріндегі, санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шаралар жүйесі";

2) 7-бапта:

101-2) тармақша "заттардың" деген сөзден кейін ", сондай-ақ медициналық газдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

104-3) тармақша "шартын" деген сөзден кейін ", медицина қызметкерлері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде олардың өмірі мен денсаулығын ортақ сақтандырудың үлгілік шартын" деген сөздермен толықтырылсын;

104-4) тармақшадағы "жауапкершілігін" деген сөзден кейін ", медицина қызметкерлері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде олардың өмірі мен денсаулығын" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 104-5) және 104-6) тармақшалармен толықтырылсын:

"104-5) мүгедектігі бар балаларды қоспағанда, ауруға шалдығуы салдарынан қозғалыс функциялары уақытша шектелген мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарының тізбесін бекітеді;

104-6) мүгедектігі бар балаларды қоспағанда, ауруға шалдығуы салдарынан қозғалыс функциялары уақытша шектелген мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарын беру қағидаларын бекітеді";

3) 9-бап мынадай мазмұндағы 40-6) тармақшамен толықтырылсын:

"40-6) ішкі инфекциялық аудит жүргізу қағидаларын бекітеді";

4) 10-бапта:

2) тармақшадағы "бақылауды" деген сөз "бақылау мен қадағалауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласында тергеп-тексеруді жүргізу қағидаларын бекітеді";

5) 12-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 22-1) тармақшамен толықтырылсын:

"22-1) уәкілетті орган айқындайтын тізбеге сәйкес, мүгедектігі бар балаларды қоспағанда, ауруға шалдығуы салдарынан қозғалыс функциялары уақытша шектелген мүмкіндігі шектеулі балаларды техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етеді";

6) 23-баптың 1-тармағы 7) тармақшасындағы "бұйымдар мемлекеттік тіркелуге жатады." деген сөздер "бұйымдар;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) медициналық газдар мемлекеттік тіркелуге жатады.";

7) 27-баптың 4-тармағының 3) тармақшасындағы "халықтың" деген сөз ", халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшелеріндегі, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге мемлекеттік органдардағы қызметті қоспағанда, халықтың" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 28-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі "бақылау" деген сөзден кейін "және қадағалау" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 46-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган тізбесін айқындайтын референс-зертханалар санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың сапасына сырттай баға береді.";

10) 51-баптың 8-тармағы мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Зертханалық зерттеулер мен өлшеулер өндірістік тұрғыдан бақылануға тиісті объект орналасқан өңірдің не іргелес өңірдің (астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың) шегіндегі сынақ зертханаларында жүзеге асырылады.

Өндірістік бақылау жүргізу үшін сынамаларды іріктеу мен жеткізуді сынақ зертханасының маманы жүзеге асырады.";

11) 5-тараудың 3-параграфының тақырыбы "бақылау" деген сөзден кейін "және қадағалау" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 52-бапта:

тақырып "бақылау" деген сөзден кейін "және қадағалау" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта:

"бақылау осы бақылау" деген сөздер "бақылау және қадағалау осы бақылау және қадағалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

2-тармақтағы "бақылауға" деген сөздер "бақылауға және қадағалауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

бірінші абзацта:

"бақылау" деген сөзден кейін "және қадағалау" деген сөздермен толықтырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

2) тармақша "бақылау" деген сөзден кейін "және қадағалау" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша "бақылау" деген сөзден кейін "және қадағалау" деген сөздермен толықтырылсын;

13) 53-баптың тақырыбындағы және 1-тармағының бесінші абзацындағы "бақылауды" деген сөз "бақылау мен қадағалауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 54-бапта:

тақырыптағы "бақылауды" деген сөз "бақылау мен қадағалауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың бірінші абзацындағы "бақылауды" деген сөз "бақылау мен қадағалауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

бірінші абзацтағы "бақылауды", "бақылаудың" деген сөздер тиісінше "бақылау мен қадағалауды", "бақылау мен қадағалаудың" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша "бақылау" деген сөзден кейін "және қадағалау" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "бақылау" деген сөзден кейін "және қадағалау" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 55-бапта:

тақырып "және қадағалау" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақтағы "Бақылау субъектісіне (объектісіне)" деген сөздер "Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) (бұдан әрі осы баптың мақсатында – бақылау субъектісі (объектісі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 5-тарау мынадай мазмұндағы 55-1-баппен толықтырылсын:

"55-1-бап. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы тергеп-тексеру

1. Тергеп-тексерулер Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 144-4-бабы 3-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

2. Осы Кодекстің 53-бабының 1-тармағында көзделген лауазымды адамдар тергеп-тексерулерді осы Кодекске, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласында тергеп-тексерулерді жүргізу тәртібіне сәйкес жүргізеді.

3. Бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) тергеп-тексеру шеңберінде:

1) бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) ішкі құжаттарында арнаулы киім мен жеке қорғану құралдарының болуы туралы талап көзделген кезде, лауазымды адамдарға, жұмысқа тартылған сарапшылар мен мамандарға осындай киім мен құралдарды беруді;

2) тергеп-тексеру жағдайына қатысты құжаттарды және (немесе) материалдарды, оның ішінде архивтік құжаттарды және (немесе) материалдарды, түсініктемелерді қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық нысанда ұсынуды, сондай-ақ автоматтандырылған дерекқорға (цифрлық жүйелерге) қолжетімділік беруді;

3) объектіге қарап-тексеру жүргізу, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың, шикізаттың, құрамдастардың үлгілерін іріктеу үшін кедергісіз мүмкіндік беруді;

4) лауазымды адамдардың, комиссия мүшелерінің, жұмысқа тартылған сарапшылар мен мамандардың тергеп-тексеру нысанасына (тұрғын және әкімшілік ғимараттарға, құрылыстарға, құрылысжайларға, үй-жайларға және басқа да объектілерге) жататын объектінің аумағына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге міндетті.

4. Тергеп-тексеру шеңберінде зертханалық сынақтар жүргізу үшін дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың, шикізаттың, құрамдастардың үлгілерін іріктеу жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Тергеп-тексеруді жүргізу барысында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу себептері анықталып, тергеп-тексеруді жүргізуге негіз болған Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуға жол берген бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) айқындалады.

6. Тергеп-тексеру нәтижелері бойынша тергеп-тексеру нәтижелері туралы акт жасалады, онда анықталған бұзушылықтар, оларды жою жөніндегі нұсқаулар, анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдері де көрсетіледі.

Актіні орындаудың нақты мүмкіндігіне ықпал ететін мән-жайлар ескерілетін, бірақ тергеп-тексеру нәтижелері туралы акт табыс етілген күннен бастап кемінде күнтізбелік он күн болатын мерзім анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдері болып айқындалады.

7. Анықталған бұзушылықтарды жою үшін қосымша уақыт шығыны және (немесе) қаржылай шығындар қажет болған жағдайда, бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) өзіне тергеп-тексеру нәтижелері туралы акт табыс етілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, тергеп-тексеруді жүргізген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік органға анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

8. Тергеп-тексеру қорытындыларына шағым жасау тергеп-тексеру нәтижелері туралы актінің орындалуын тоқтата тұрмайды.

9. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуға жол берген бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен адамдарды жауаптылыққа тарту жөніндегі шаралар қабылданады.

10. Тергеп-тексеру нәтижелері туралы актіде көрсетілген анықталған бұзушылықтар мерзімінен бұрын немесе тергеп-тексеру нәтижелері туралы актіде көрсетілген мерзімдерде жойылған жағдайда, бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) тергеп-тексеруді жүргізген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік органға анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты беруге міндетті.

Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) анықталған бұзушылықтарды жою туралы берілген ақпаратқа бұзушылықтарды жою фактісін дәлелдейтін материалдарды қоса береді.

Анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпарат берілген, сондай-ақ ол тергеп-тексеру нәтижелері туралы актіде көрсетілген мерзімдерде берілмеген жағдайларда жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

11. Осы баптың ережелерін және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласында тергеп-тексеруді жүргізу қағидаларын сақтамау тергеп-тексеруді тағайындау, оның мерзімдерін ұзарту және нәтижелері туралы актілерді жарамсыз деп тануға және (немесе) олардың күшін жоюға негіз болады.

12. Мемлекеттік құпияларды не Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, тергеп-тексеруді жүргізу қорытындылары тергеп-тексеру аяқталған күннен кейін он жұмыс күні ішінде тергеп-тексеруді жүргізген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік органның интернет-ресурсында жарияланады.";

17) 5-тарау мынадай мазмұндағы 55-2-баппен толықтырылсын:

55-2-бап. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы жедел ден қою шаралары және оларды қолдану тәртібі

1. Мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру барысында және (немесе) оның нәтижелері бойынша дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшелері бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісі) қызметінде жеке және заңды тұлғалардың конституциялық құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қатер төндіретін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар анықталған жағдайда жедел ден қою шараларын қолданады.

2. Тексеруді, тергеп-тексеруді жүзеге асыру барысында және (немесе) оларды жүргізу нәтижелері бойынша қолданылатын, бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) әсер етудің осы бапта көзделген тәсілдері жедел ден қою шаралары болып саналады.

Тексеруді, тергеп-тексеруді жүзеге асыру барысында және (немесе) оларды жүргізу нәтижелері бойынша жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болатын талаптарды бұзушылықтар анықталған жағдайда, әкімшілік іс жүргізу қозғалмай, жедел ден қою шаралары қолданылады.

3. Жедел ден қою шараларының түрлері:

1) бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндіру, өткізу жөніндегі қызметін тоқтата тұруды;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың актілеріне сәйкес келмейтін дәрілік заттар мен медициналық

бұйымдарды тоқтата тұруы, кері қайтарып алуды және айналыстан алып қоюды қамтиды.

4. Осы Кодекстің 52-бабына сәйкес мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың нысанасы болып саналатын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылықтар жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болады.

5. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік орган тексеруді, тергеп-тексеруді жүзеге асыру барысында және (немесе) олардың нәтижелері бойынша жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болатын талаптарды бұзу фактісін анықтаған кезде осы Кодекстің 54-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген қаулы нысанындағы қадағалау актісін ресімдейді.

6. Қадағалау актісін қолма-қол табыс ету кезінде оны қабылдаудан бас тартылған жағдайда, оған тиісті жазба енгізіледі және актіні қабылдаудан бас тарту фактісін тіркеп-белгілейтін бейнежазба жасалады. Қадағалау актісі оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) заңды мекенжайына, тұрған жеріне немесе нақты мекенжайына жіберіледі.

7. Қадағалау актісін алудан бас тарту оны орындамауға негіз болмайды.

8. Тексеруді, тергеп-тексеруді жүзеге асыру барысында және (немесе) олардың нәтижелері бойынша анықталған, жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болатын талаптарды бұзушылықтар тексеру, тергеп-тексеру нәтижелері туралы актіде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтарын жою туралы нұсқамада көрсетіледі.

9. Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болатын анықталған бұзушылықтарды тексеру нәтижелері туралы актіде, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтарын жою туралы нұсқамада көрсетілген мерзімдерде жоюға міндетті.

10. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада, тексеру, тергеп-тексеру нәтижелері туралы актілерде көзделген мерзімдер өткенге дейін бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) бұзушылықтарды жою фактісін дәлелдейтін материалдарды қоса беріп, анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты беруге міндетті.

11. Осы баптың 10-тармағына сәйкес жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болатын анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпарат берілген жағдайда немесе тексеруді немесе тергеп-тексеруді жүзеге асыру барысында және (немесе) олардың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдері өткеннен кейін олардың жойылуын бақылау бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

12. Жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болатын анықталған бұзушылықтар жойылмаған жағдайда, жоспардан тыс тексерудің немесе тергеп-тексерудің нәтижелері

бойынша бұзушылықтарға жол берген адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылыққа тарту жөніндегі шаралар қабылданады.

13. Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) тексерудің, тергеп-тексерудің жедел ден қою шараларын қолдануға алып келген нәтижелерімен келіспеген жағдайда, қадағалау актісін жарамсыз деп тану және оның күшін жою туралы шағым бере алады.

Шағым осы Кодекстің 29-бабында көзделген тәртіппен жоғары тұрған мемлекеттік органға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа беріледі.

Шағым беру қадағалау актісінің орындалуын тоқтата тұрмайды.

14. Жоғары тұрған органның немесе лауазымды адамның қадағалау актілерін жарамсыз деп тануына және олардың күшін жоюға:

- 1) жедел ден қою шараларын қолдануға негіздердің болмауы;
- 2) осы шараға сәйкес келмейтін негіз бойынша жедел ден қою шараларын қолдану;
- 3) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы бақылау және қадағалау органдарының өздерінің құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша жедел ден қою шараларын қолдануы;
- 4) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 153-бабында белгіленген жедел ден қою шараларын келісу және қабылдау тәртібін сақтамау негіз болады.

15. Жедел ден қою шараларын қолдану туралы ақпарат Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы айқындаған тәртіппен өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберіледі.";

18) 85-баптың 7-тармағының бірінші бөлігі "толық" деген сөзден кейін ", анық" деген сөзбен толықтырылсын;

19) 86-баптың 12-тармағындағы "сапасын" деген сөз "толықтығын" деген сөзбен ауыстырылсын;

20) 103-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Инфекциялық және паразиттік аурулардың таралу қаупі орын алған жағдайда, пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесіне сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшелері Қазақстан Республикасының аумағына кіретін адамдарға қатысты дербес деректерді олардың келісімінсіз немесе олардың заңды өкілдерінің келісімінсіз жинауға және өңдеуге құқылы.";

21) 104-баптың 7-тармағы 9) тармақшасындағы "жүргізуді қамтиды." деген сөздер "жүргізуді;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) санитариялық-профилактикалық, санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізуді қамтиды.";

22) 109-баптың 1-тармағының 3-1) тармақшасында:

"сондай-ақ" деген сөз алып тасталсын;

"әсер ететін заттарды" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ адамның өмірі мен денсаулығына зиянды әсер ететін медициналық газдарды" деген сөздермен толықтырылсын;

23) 115-баптың 2-тармағында:

11) тармақшадағы "жауапкершілігін сақтандыруды қамтамасыз етуге міндетті." деген сөздер "жауапкершілігін, медицина қызметкерлері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде олардың өмірі мен денсаулығын сақтандыруды;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен ішкі инфекциялық аудит жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті.";

24) 123-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) тәуекел тобындағы балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуын мониторингтеуді қоса алғанда, ерте араласу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді;"

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарында алты жасқа дейінгі балалар дамуының бұзылуын ерте анықтау үшін дамыту және ерте араласу орталықтары құрылады.

Дамыту және ерте араласу орталықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес скринингтік зерттеулерді, ерте араласуға арналған жеке жоспардың іске асырылуын мониторингтеуді жүзеге асырады.";

25) 241-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Нақты пациенттің өмірлік көрсетілімдері бойынша медициналық көмек көрсету не сирек кездесетін және (немесе) аса ауыр патологиясы бар пациенттердің шектеулі контингентіне медициналық көмек көрсету үшін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды медициналық қолдану және сатып алу мүмкіндігімен оларды әкелуге арналған қорытындының (рұқсат беру құжатының) негізінде Қазақстан Республикасына әкелінген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың сапасын бағалау уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен зертханалық сынақтар жүргізу арқылы жүзеге асырылады.";

26) мынадай мазмұндағы 241-1-баппен толықтырылсын:

"241-1-бап. Тәуекелге бағдарланған тәсіл ескеріліп, сапасы бақылануға тиісті дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың үлгілерін іріктеу

1. Тәуекелге бағдарланған тәсіл ескеріліп, сапасы бақылануға тиісті дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың үлгілерін іріктеу Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының талаптарына және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың актілеріне сәйкес келмейтін дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың өткізілуін анықтау және оның жолын кесу мақсатында, бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) алдын ала хабардар етпестен жүзеге асырылады.

2. Тәуекелге бағдарланған тәсіл ескеріліп, сапасы бақылануға тиісті дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың үлгілерін нарықтан, сондай-ақ медициналық ұйымдардан іріктеуді дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласындағы мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Зертханалық сынақтар дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымының аккредиттелген зертханаларында жүргізіледі.

Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың үлгілерін іріктеуді және олардың зертханалық сынақтарын жүргізумен байланысты шығыстарды өндірушілер және (немесе) тіркеу куәлігін ұстаушылар көтереді.";

27) 270-1-бапта:

тақырып "жауапкершілігін" деген сөзден кейін ", медицина қызметкерлері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде олардың өмірі мен денсаулығын" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін, медицина қызметкерлері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде олардың өмірі мен денсаулығын сақтандыру денсаулық сақтау субъектісі мен бірыңғай сақтандыру (қайта сақтандыру) пулына қатысушылар арасында жасалған мынадай шарттардың негізінде жүзеге асырылады:

1) медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін ортақ сақтандыру шарты;

2) медицина қызметкерлері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде олардың өмірі мен денсаулығын ортақ сақтандыру шарты.";

2-тармақтың бірінші, екінші және үшінші бөліктері "шартын", "шарты" деген сөздерден кейін тиісінше "және медицина қызметкерлері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде олардың өмірі мен денсаулығын ортақ сақтандыру шартын", "және медицина қызметкерлері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде олардың өмірі мен денсаулығын ортақ сақтандыру шарты" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

бірінші бөлік "ортақ сақтандыру шартын" деген сөздерден кейін "және медицина қызметкерлері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде олардың өмірі мен денсаулығын ортақ сақтандыру шартын" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктегі "медицина қызметкерінің кәсіптік жауапкершілігін ортақ сақтандыру шартын" деген сөздер "медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін ортақ сақтандыру шартын және медицина қызметкерлері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде олардың өмірі мен денсаулығын ортақ сақтандыру шартын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мыналар сақтандыру объектілері болып саналады:

1) медицина қызметкерлерінің медициналық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде пациенттің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеумен байланысты олардың мүлкітік мүдделері;

2) медицина қызметкерлері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде үшінші тұлғалар тарапынан күш қолдану әрекеті салдарынан олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеумен байланысты медицина қызметкерлерінің мүлкітік мүдделері.";

5-тармақтың бірінші бөлігі "бойынша" деген сөзден кейін ", ал медицина қызметкерлері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде үшінші тұлғалар тарапынан күш қолдану әрекеті салдарынан олардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісі медицина қызметкерлері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде олардың өмірі мен денсаулығын ортақ сақтандыру шарты бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мыналардың:

1) медицина қызметкерлері медициналық қызметті жүзеге асырған кезде пациенттің ;

2) медицина қызметкері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде үшінші тұлғалар тарапынан күш қолдану әрекетінің салдарынан оның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілу ықтималдығы сақтандыру тәуекелі деп танылады.

7. Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандырудың, сондай-ақ медицина қызметкерлері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде олардың өмірі мен денсаулығын сақтандырудың тәртібі мен өзге де шарттары медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін ортақ сақтандырудың үлгілік шарты және медицина қызметкерлері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде олардың өмірі мен денсаулығын ортақ сақтандырудың үлгілік шарты негізінде тараптардың келісімінде айқындалады.";

28) 270-4-бапта:

тақырыптағы "Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін ортақ сақтандыру шарты бойынша сақтандыру" деген сөздер "Сақтандыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақ:

"жауапкершілігін" деген сөзден кейін ", медицина қызметкерлері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде олардың өмірі мен денсаулығын" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Кодекстің 270-1-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген шарттар бойынша сақтандыру сыйлықақысының жалпы мөлшері осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген сома шегінде белгіленеді.";

2-тармақ "жауапкершілігін" деген сөзден кейін ", медицина қызметкерлері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде олардың өмірі мен денсаулығын" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзац "шарты" деген сөзден кейін "және медицина қызметкерлері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде олардың өмірі мен денсаулығын ортақ сақтандыру шарты" деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақшаның бірінші абзацындағы "медициналық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде пациенттің өмірі мен денсаулығына келтірілген," деген сөздер алып тасталсын және 2) тармақшадағы "медициналық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде пациенттің өмірі мен денсаулығына келтірілген, оның" деген сөздер "пациенттің" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) тармақшада:

"медициналық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде пациенттің өмірі мен денсаулығына келтірілген," деген сөздер алып тасталсын;

"ауруға байланысты нақты шығыстар мөлшерінде, бірақ үш жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде" деген сөздер "үш жүз еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Медицина қызметкері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жағдайда, медицина қызметкері немесе оның жақын туыстары осы баптың 3-тармағына сәйкес мөлшері айқындалатын сақтандыру төлемін алу үшін бірыңғай сақтандыру (қайта сақтандыру) пулына өтініш жасауға құқылы.

Медицина қызметкері кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде үшінші тұлғалар тарапынан күш қолдану әрекеті салдарынан оның еңбекке уақытша жарамсыздығына, мүгедектігіне не өліміне алып келген, медицина қызметкерінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады."

4. 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне:

1) 1-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 30-1) тармақшамен толықтырылсын:

"30-1) белсенді ұзақ өмір сүру орталығы – өзіне-өзі қызмет көрсетуге және өз бетінше жүріп-тұруға қабілетті, осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған зейнеткерлік жасқа жеткен адамдарды әлеуметтендіру және белсенді өмірге тарту үшін жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;"

85) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"85) кәсіптік оқыту – кәсіптік даярлау, қайта даярлау, біліктілікті арттыру нысанында жүзеге асырылатын, кәсіптік тұрғыдан даму мақсатында кәсіптік білімді, машықтар мен дағдыларды иелену, жаңарту немесе кеңейту, сондай-ақ жаңа кәсіпке (мамандыққа) ие болу процесі;"

мынадай мазмұндағы 145-1) тармақшамен толықтырылсын:

"145-1) ымдау тілі – ымдау, мимика және дене қимылы арқылы ақпаратты жеткізу үшін пайдаланылатын көрнекі-кеңістіктік тілдік жүйе;"

146) тармақшада орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

2) 12-баптың 5) тармақшасында:

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарында қызметтер көрсету стандартын;"

жетінші абзац алып тасталсын;

отыз сегізінші абзацтағы "тәртібін әзірлейді және бекітеді;" деген сөздер "тәртібін;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы отыз тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасын белгілеу, оның орындалуын мониторингтеу және бағалау қағидаларын әзірлеп, бекітеді;"

3) 17-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8-1) және 13-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-1) көшуге, тұрғынжайды мүліктік жалдау (жалға алу), коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге арналған субсидиялар, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен берілетін экономикалық мобильділік сертификаттары түріндегі қажеттілікті, төлем жасау графиктерін қалыптастыруды және астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына бюджет қаражатына қажеттілік туралы өтінім жіберуді;"

"13-1) Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасына сәйкес көшуге, тұрғынжайды мүліктік жалдау (жалға алу), коммуналдық көрсетілетін

қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге арналған субсидиялар түрінде, сондай-ақ экономикалық мобильділік сертификаттары түрінде төлемдер төлеуді жүзеге асыруды;"

4) 18-бапта:

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) қоғамдық жұмыстарға қатысатын адамдар жалақысының мөлшерін жыл сайын белгілеу;"

10) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарын құру және (немесе) олардың қызметін ұйымдастыру;"

5) 19-бапта:

6) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарын құру және (немесе) олардың қызметін ұйымдастыру;"

6) 3-тарау мынадай мазмұндағы 24-1-баппен толықтырылсын:

"24-1-бап. Мүмкіндігі шектеулі балалар мен тәуекел тобындағы балаларға қолдау көрсетудің интеграцияланған модулі

1. Мүмкіндігі шектеулі балалар мен тәуекел тобындағы балаларға қолдау көрсетудің интеграцияланған модулі – әлеуметтік-еңбек саласының цифрлық тұғырнамасында жұмыс істейтін және уәкілетті мемлекеттік органның, денсаулық сақтау және білім беру саласындағы уәкілетті органдардың цифрлық жүйелерінен алынатын деректер негізінде мүмкіндігі шектеулі балалар мен тәуекел тобындағы балалар туралы ақпарат алмасуға арналған бірыңғай цифрлық жүйе модулі.

2. Интеграцияланған модульдің жұмыс істеуі шеңберінде мүмкіндігі шектеулі балалар мен тәуекел тобындағы балалардың дербес және медициналық деректерін беру осы Кодекске, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес баланың ата-анасының және өзге де заңды өкілдерінің келісімімен жүзеге асырылады.";

7) 37-бапта:

5-тармақта:

3) тармақша алып тасталсын;

4) тармақшада:

"беруге жататын" деген сөздер "берілуге тиіс міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және (немесе)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жинақтары" деген сөзден кейін "міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе)" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың бірінші бөлігіндегі "3) және 4) тармақшаларында белгіленген шектеулерді" деген сөздер "4) тармақшасында белгіленген шектеуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) мынадай мазмұндағы 37-1-баппен толықтырылсын:

"37-1-бап. Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельдері

1. Зейнетақы активтері міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алушылардың өтініші бойынша зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельдеріне инвестициялануы мүмкін.

2. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары, өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалар, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алушылар міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және (немесе) ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельді басқарушыға зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру үшін оны таңдау туралы өтінішті зейнетақы активтерінің таңдап алынған инвестициялық портфельін көрсетіп, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына береді.

3. Инвестициялық портфельді басқарушы зейнетақы активтері есебінен зейнетақы активтерінің бір және (немесе) бірнеше инвестициялық портфельінің түрін қалыптастырады:

1) консервативтік портфель;

2) қалыпты портфель;

3) тәуекелі бар портфель.

4. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары, өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалар, сондай-ақ бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алушылар зейнетақы активтерінің бір немесе бірнеше инвестициялық портфельін таңдауға және сенімгерлік басқаруға берілетін зейнетақы жинақтарының көлемін өз бетінше айқындауға құқылы.

5. Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельдерін қалыптастыру тәртібін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.";

9) 40-баптың 1-тармағында:

8) тармақша алып тасталсын;

13) тармақшада:

"ерікті зейнетақы жарналарын" деген сөздер "міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) ерікті зейнетақы жарналарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сомада" деген сөзден кейін "міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және (немесе)" деген сөздермен толықтырылсын;

"өтінішті" деген сөзден кейін "зейнетақы активтерінің таңдап алған инвестициялық портфелін көрсетіп" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 96-бапта:

1-тармақтың 5) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуына жәрдемдесу;"

2-тармақтағы "Кодексте" деген сөз "Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 100-баптың 1-тармағы 7) тармақшасындағы "бергенде есептен шығарады." деген сөздер "бергенде;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) осы Кодекстің 99-бабы 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес өзгерістер туралы мансап орталығын мерзімінде хабардар етпегенде есептен шығарады.";

12) 103-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жұмыс беруші заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер саны немесе штаты қысқартылған жағдайларды қоспағанда, мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін белгіленген квотаны орындауға міндетті.

Жұмыс беруші белгіленген квотаны орындаған кезде жұмыс орнын бейімдеу, еңбек жағдайларын өзгерту, жекелеген еңбек функцияларын қайта бөлу жөніндегі шараларды және мүгедектігі бар адамға еңбек міндеттерін орындауға мүмкіндік беретін өзге де шараларды қамтамасыз етеді;"

13) 112-бап алып тасталсын.

14) 167-бапта:

4-тармақ:

1) тармақша ", сондай-ақ олардың жеке абилитация және оңалту бағдарламаларына және Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) өнім берушілердің мүгедектігі бар адамдарға тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді іс жүзінде ұсынуын, өнім берушілердің әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы қабылданған міндеттемелерді орындауын;"

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Мониторингтеуді жүзеге асыру тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

Мониторингтеу нәтижелері шешім қабылдау кезінде есепке алу үшін комиссияға жіберіледі.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Өнім беруші осы Кодексте белгіленген талаптарды бұзған жағдайда және (немесе) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда және (немесе) уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тәртіппен әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталынан тіркеуден шығарылуға тиіс."

5. "Мәдениет туралы" 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

1-5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1-5) инклюзивтік мәдениет – барлық адамдардың дене, психикалық, әлеуметтік, мәдени немесе өзге де ерекшеліктеріне қарамастан, олардың тең мүмкіндіктерін және қоғам өміріне қатысуын қамтамасыз ететін құндылықтар жүйесі";

мынадай мазмұндағы 1-6) тармақшамен толықтырылсын:

"1-6) көркем құндылықтар – шығармашылық қызмет нәтижесінде жасалған мәдениет, әдебиет және өнер туындылары";

2) 6-баптың 1) тармақшасы және 7-баптың 1-2) тармақшасы "мәдениет" деген сөзден кейін ", оның ішінде инклюзивтік мәдениет" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 8-баптың 1-1) тармақшасы "мәдениет" деген сөзден кейін ", оның ішінде инклюзивтік мәдениет" деген сөздермен толықтырылсын.

6. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-баптың бірінші бөлігінде:

19) тармақша сегізінші абзацындағы "қызметтерін ұсыну үшін білім беру қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша береді" деген сөздер "қызметтерін" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау үшін білім беру қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша береді";

35) тармақша "орта" деген сөзден кейін ", техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 43-баптың 6-1-тармағы "орта" деген сөзден кейін ", техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 45-1-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "үлгілік оқу жоспарлары мен" деген сөздер "білім беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 57-баптың 3-1-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауды ұсынатын білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензиялар және (немесе) лицензияға қосымшалар бес жыл қолдану мерзімімен беріледі.";

5) 63-баптың 3-1-тармағы "орта" деген сөзден кейін ", техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі" деген сөздермен толықтырылсын.

7. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

74-баптың 3-тармағының бірінші, екінші және үшінші бөліктері "орта" деген сөзден кейін ", техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі" деген сөздермен толықтырылсын.

8. "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) еңбек мобильділігі орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын әзірлеу және іске асыру мақсатында астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;"

2) 11-бап мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

"1-2) жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын әзірлеп, бекітеді;"

3) 15-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 9-1) және 9-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-1) жұмыс күшінің мобильділігін арттыру мақсатында адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы үшін елді мекендердің тізбесін бекітеді;

9-2) жұмыс күшінің мобильділігін арттыру мақсатында адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы үшін сұранысқа ие кәсіптер бойынша тартылатын мамандардың тізбесін бекітеді;"

4) 20-бапта:

тақырыптағы, бірінші абзацтағы және 3) тармақшадағы "және (немесе) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден", "және (немесе) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу" деген сөздер алып тасталсын;

5) тармақшадағы "аумақтық-әкімшілік" деген сөздер "әкімшілік-аумақтық" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 37-1-бап мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартатын жұмыс берушілер қазақстандық жұмыскерлердің тәлімгерлігін ұйымдастырады.

Бұл ретте тәлімгерлік деп халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін қазақстандық жұмыскерлердің тәлімгерлігін ұйымдастыру қағидаларына және шетелдік жұмыс күшін тартатын жұмыс берушілерге қойылатын

талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасына жоғары білікті шетелдік жұмыс күшін тартуға негіз болған кәсіптік білімін, дағдылары мен тәжірибесін қазақстандық жұмыскерге беру үшін шетелдік жұмыс күші қатарынан оған тәлімгер бекіту түсініледі.

”;

6) 51-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы "жағдайларда" деген сөзден кейін "не осы Заңның 52-1-бабында көзделген тәртіппен қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешімнің күші жойылған кезде" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 10-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-тарау. Жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуына жәрдем көрсету";

8) 10-тарау мынадай мазмұндағы 52-1-баппен толықтырылсын:

"52-1-бап. Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тарту немесе қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешімнің күшін жою

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлердің қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім қабылдайтын жергілікті атқарушы органдары мынадай:

1) өтініш берушілер ұсынған құжаттарда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған;

2) өтініште көрсетілген әкімшілік-аумақтық бірлікте қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы болмаған;

3) өтініш берушілерді қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына бірнеше рет енгізу фактісі анықталған;

4) қандастың не қоныс аударушының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған;

5) үміткерлер осы Заңның 20-бабында, 53-бабының 1 және 2-тармақтарында белгіленген шарттарға сәйкес келмеген жағдайларда қандастарға не қоныс аударушыларға және олардың отбасы мүшелеріне (бар болса) қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тартады.

2. Қандасқа не қоныс аударушыға және оның отбасы мүшелеріне (бар болса) қатысты қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың тиісті күнтізбелік жылға арналған өңірлік квотасына енгізу туралы шешімнің мынадай:

1) қандас не қоныс аударушы және олардың отбасы мүшелері (бар болса) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге ерікті түрде қоныс аударудан ерікті бас тартқан жағдайда оның бас тарту туралы өтініші негізінде;

2) қандас не қоныс аударушы және оның отбасы мүшелері (бар болса) қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім

қабылданған күннен бастап үш ай ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге келмеген;

3) қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілгеннен кейін қандастардың не қоныс аударушылардың осы Заңның 20-бабында және 53-бабының 1 және 2-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіні анықталған;

4) қандастың не қоныс аударушының және (немесе) оның отбасы мүшелерінің (бар болса) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерде тұрақты тұру және тұрғылықты жері бойынша тіркелу бөлігінде Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасының талаптары мен нормаларын бес жыл бойы жүйелі түрде (екі және одан көп рет) бұзғаны анықталған жағдайларда күші жойылуға тиіс.

Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасының күшін жою туралы шешімді өңірдің қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім қабылдаған жергілікті атқарушы органы шығарады.

Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасының күшін жою туралы хабарламада қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешімнің қолданысын тоқтатудың себептері мен күні көрсетіледі.

Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасының күшін жою қандастың не қоныс аударушының және оның отбасы мүшелерінің (бар болса) осы Заңның 53-бабының 5-тармағында көзделген мемлекеттік қолдау шараларын алу құқығынан айырылуына, сондай-ақ жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуына жәрдемдесу бойынша мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну туралы әлеуметтік келісімшарттың бұзылуына алып келеді.";

9) 53-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"53-бап. Жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуына жәрдемдесу

1. Жұмыссыз адамдардың, сұранысқа ие кәсіптер бойынша тартылатын мамандардың, шаруа немесе фермер қожалығы басшыларының, қандастардың, сондай-ақ жұмыс берушілердің жұмыс күші тапшы өңірлерге жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу жөніндегі шараларға қатысуға құқығы бар.

2. Мынадай адамдар жаңа тұрғылықты жерге ерікті түрде қоныс аудару үшін басым құқықты пайдаланады:

1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының он алты жастан жиырма үш жасқа дейінгі тәрбиеленушілері мен түлектері;

2) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы 8-тармағының 6) тармақшасында көзделген квота шегінде мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері, оның ішінде ауыл жастары қатарынан Қазақстан Республикасының азаматтары;

3) жұмыс беруші заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші жеке тұлға қызметінің тоқтатылуына, жұмыскерлер санының немесе штатының қысқаруына, жұмыс берушінің экономикалық жағдайының нашарлауына алып келген өндірістің, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің азаюына байланысты жұмыстан босатылған адамдар.

3. Адамдардың:

1) бір облыс шегінде экономикалық әлеуеті төмен ауылдардан экономикалық даму әлеуеті жоғары ауылдық елді мекендерге, моноқалаларға, аудандық (облыстық) маңызы бар қалаларға, сондай-ақ облыстық маңызы бар қалалардан негізінен аграрлық мамандандырылған ауылдық елді мекендерге, оның ішінде шекара маңындағы аумақтарға;

2) ерікті түрде қоныс аударуды көздейтін, Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасына сәйкес қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квоталары шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өңірлерге ерікті түрде қоныс аударуы жүзеге асырылады.

4. Еңбек мобильділігі орталықтары адамдарды жұмысқа орналастыру немесе кәсіпкерлік бастаманы дамыту үшін олардың жаңа тұрғылықты жерге өз еркімен қоныс аударуына жәрдемдеседі.

5. Ерікті түрде қоныс аударатын адамдарды мемлекеттік қолдау:

1) жұмыскердің көшуі жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне (бар болса) көшуге, тұрғынжайды мүлкіктік жалдау (жалға алу), коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидиялар, сондай-ақ халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен экономикалық мобильділік сертификаттарын беруді;

2) жұмыс беруші жұмыскерге тұрғын үй-жай ұсынған жағдайларды қоспағанда, қызметтік тұрғынжай немесе жатақханалардан бөлме беруді;

3) жұмыс берушінің қажеттілігі болған кезде кәсіптік оқытуды;

4) жаңа тұрғылықты жерінде жұмысқа орналасуға және кәсіпкерлік бастама жасауға жәрдемдесуді;

5) жұмысқа орналасуға не жұмыс беруші шығыстарының бір бөлігін өтеуге субсидиялар бере отырып, жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін ерікті түрде қоныс аудару шараларына қатысатын жұмыс берушілерге жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді қамтиды.

6. Еңбек мобильділігі орталығы халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша ерікті түрде қоныс аударуға қатысушы тараптармен әлеуметтік келісімшарт жасасады.";

10) 10-тарау мынадай мазмұндағы 53-1 және 53-2-баптармен толықтырылсын:

"53-1-бап. Көшуге, тұрғынжайды мүліктік жалдау (жалға алу) және коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидияларға, экономикалық мобильділік сертификаттарына, сондай-ақ жұмысқа орналасуға не жұмыс беруші шығыстарының бір бөлігін өтеуге субсидияларға өтінішті қабылдаудан және оларды төлеуден бас тарту

1. Көшуге, тұрғынжайды мүліктік жалдау (жалға алу) және коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидияларға, экономикалық мобильділік сертификаттарына, сондай-ақ жұмысқа орналасуға не жұмыс беруші шығыстарының бір бөлігін өтеуге субсидияларға өтінішті қабылдаудан және оларды төлеуден бас тартуға:

1) өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды және (немесе) көшуге, тұрғынжайды мүліктік жалдау (жалға алу) және коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидияларды, экономикалық мобильділік сертификаттарын, сондай-ақ жұмысқа орналасуға не жұмыс беруші шығыстарының бір бөлігін өтеуге субсидияларды төлеу немесе төлеуден бас тарту туралы шешім қабылданған күнге қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынуы;

2) көшуге, тұрғынжайды мүліктік жалдау (жалға алу) және коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидиялардың, экономикалық мобильділік сертификаттарының, сондай-ақ жұмысқа орналасуға не жұмыс беруші шығыстарының бір бөлігін өтеуге субсидиялардың төленуіне құқығының болмауы;

3) көшуге, тұрғынжайды мүліктік жалдау (жалға алу) және коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидияларды, экономикалық мобильділік сертификаттарын, сондай-ақ жұмысқа орналасуға не жұмыс беруші шығыстарының бір бөлігін өтеуге субсидияларды төлеуге өтініш жасауға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімнің өтіп кетуі негіз болады.

2. Көшуге, тұрғынжайды мүліктік жалдау (жалға алу) және коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидияларға, сондай-ақ экономикалық мобильділік сертификаттарына төлемдер тағайындаудан бас тартуға:

1) көшуге, тұрғынжайды мүліктік жалдау (жалға алу) және коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидияларға, сондай-ақ экономикалық мобильділік сертификаттарына төлемдер тағайындау үшін

қажетті құжаттардың және (немесе) мәліметтердің, оның ішінде мемлекеттік цифрлық жүйелерден алынатын мәліметтердің анық еместігінің анықталуы;

2) көшуге, тұрғынжайды мүліктік жалдау (жалға алу) және коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидияларды, сондай-ақ экономикалық мобильділік сертификаттарын төлеу үшін қажетті құжаттардың және (немесе) мәліметтердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) өтініш берушілер мен олардың отбасы мүшелерінде (бар болса) бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрының цифрлық жүйесінен алынған мәліметтер негізінде анықталған, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өңірлерде соңғы бес жыл ішінде меншік құқығында тұрғынжайдың не жаңа тұрғылықты жері бойынша соңғы алты ай бойы және одан астам мерзімде коммуналдық тұрғын үй қорынан берілген тұрақты пайдаланудағы тұрғынжайдың болуы;

4) өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінде (бар болса) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерде жаңа тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркелудің болмауы;

5) өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінің (бар болса) өздеріне мансап орталығы берген, қоныс аударуға арналған жолдамада көрсетілген межелі елді мекеннің шегінен тысқары жерлерден тұрғынжай сатып алуы не салуы;

6) өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінің (бар болса) экономикалық мобильділік сертификаты есебінен бұрын сатып алынған тұрғынжайды сатып алуы негіз болады.

3. Жұмысқа орналасуға не жұмыс беруші шығыстарының бір бөлігін өтеуге субсидияны жұмыс берушіге беруден бас тартуға:

1) жұмыс берушіде жалақыны төлеу бойынша алты айдан астам, сондай-ақ банк немесе оның филиалы алдында есепке жазылған салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша анықтама берілген (егер тұлға екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе олардың филиалдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының клиенті болса, аталған анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады) күннің алдындағы үш айдан астам берешегінің болуы;

2) жұмыс берушінің құжаттардың толық емес топтамасын, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынуы және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) сәйкес келмеуі;

3) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес ізденушімен жасалған еңбек шарттары бойынша мәліметтердің еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде болмауы;

4) жұмысқа орналасуға не жұмыс беруші шығыстарының бір бөлігін өтеуге субсидия төлеу үшін қажетті құжаттардың және (немесе) мәліметтердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіз болады.

53-2-бап. Тұрғынжайды мүліктік жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидияны төлеуді тоқтату

Тұрғынжайды мүліктік жалдау (жалға алу) және коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидия төлеуді жүзеге асыру мынадай жағдайлар басталған кезде тоқтатылады:

1) өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінің (бар болса) меншік құқығындағы тұрғынжайды, оның ішінде экономикалық мобильділік сертификаты бойынша сатып алуы;

2) өтініш берушінің жеке тұрғын үй қорынан жалға алынатын, тұрып жатқан тұрғынжайынан шығарылуы;

3) өтініш берушінің басқа елді мекенге тұрақты тұрғылықты тұруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірдің шегінен тысқары жерге кетуі;

4) өтініш берушінің тұрғынжайды жалға алу (жалдау) шартында көрсетілген мекенжайда қатарынан күнтізбелік тоқсан күннен астам тұрмау фактісінің анықталуы;

5) өтініш берушінің тұрып жатқан жалға берілетін тұрғынжайды қосымша жалдауға беруі.

Өтініш беруші осы баптың бірінші бөлігінің 2) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша төлемдердің тоқтатылу себептерін жойған жағдайда, өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тұрғын үйді мүліктік жалдау (жалға алу) және коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидия төлемін алу үшін қайтадан өтініш жасауға құқылы.";

11) 11-1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"11-1-тарау. Халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік бақылау";

12) 58-1 және 58-2-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"58-1-бап. Аумақтық ішкі істер органдары жүзеге асыратын халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік бақылау";

"58-2-бап. Аумақтық ішкі істер органдары жүзеге асыратын мемлекеттік бақылаудың жүргізілу тәртібі";

13) 11-1-тарау мынадай мазмұндағы 58-3 және 58-4-баптармен толықтырылсын:

"58-3-бап. Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының азаматтары шетелде жұмысқа орналасқан кезде мемлекеттік бақылау субъектілерінің (объектілерінің) (бұдан әрі осы баптың мақсатында – мемлекеттік бақылау субъектілері) еңбек делдалдығы бойынша қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасының

талаптарын сақтауы тұрғысынан Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды (бұдан әрі осы баптың мақсатында – мемлекеттік бақылау) жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік бақылау субъектілері – Қазақстан Республикасының азаматтары шетелде жұмысқа орналасқан кезде еңбек делдалдығы бойынша қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалар.

3. Мемлекеттік бақылау:

1) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес мемлекеттік бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау;

2) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес мемлекеттік бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

58-4-бап. Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау жүргізу тәртібі

1. Мемлекеттік бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылауды халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік бақылау субъектісі ұсынған есептілікті, сондай-ақ цифрлық объектілерден алынған цифрлық деректерді зерделеу, талдау және салыстыру арқылы жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары:

1) бұзушылықтарды уақтылы анықтау, олардың жолын кесу және оларға жол бермеу, мемлекеттік бақылау субъектілеріне профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды мемлекеттік бақылау субъектісіне бармай өз бетінше жою құқығын беру;

2) оларға әкімшілік жүктемені азайту;

3) халықтың көші-қоны саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын қамтамасыз ету.

3. Мемлекеттік бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік бақылау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, бақылау органы бұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды ресімдейді және жібереді.

4. Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – алу туралы ұсынымда белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – хабарламасы бар тапсырысты хатпен;

3) электрондық тәсілмен халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган сұрау салған кезде хатта көрсетілген мемлекеттік бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына жіберілген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

5. Мемлекеттік бақылау субъектісінің ұсынымдарды орындауы деп анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымда көрсетілген анықталған бұзушылықтарды ұсыным табыс етілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде тиісінше жою танылады.

6. Мемлекеттік бақылау субъектісі анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсыным табыс етілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға қарсылық жіберуге құқылы.

7. Мемлекеттік бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау мемлекеттік бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен мемлекеттік бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

Мемлекеттік бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелерін халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылауды тіркейтін арнаулы журналда есепке алуға тиіс, ол нөмірленуге, тігілуге және халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органның мөрімен бекітілуге тиіс.

8. Мемлекеттік бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау тоқсанына бір реттен жиі жүргізілмейді."

9. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-қосымшада:

3-жолда:

3-баған мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

"11. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауды ұсыну";

4-баған "Иеліктен шығарылмайтын; қолданылу мерзімі 5 жыл; 1-сынып" деген сөздермен толықтырылсын;

87-1-жолда:

3-баған мынадай мазмұндағы 1, 2 және 3-тармақтармен толықтырылсын:

"1. Денсаулық сақтау саласында дезинфекциялау бойынша қызметтер көрсету.

2. Денсаулық сақтау саласында дезинсекциялау бойынша қызметтер көрсету.

3. Денсаулық сақтау саласында дератизациялау бойынша қызметтер көрсету."

10. "Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" 2022 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 5-1) және 7-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-1) Биологиялық қауіпсіздік саласындағы ұлттық холдинг – осы Заңға сәйкес биологиялық қауіпсіздік саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;"

"7-1) биофармацевтикалық өнім – биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен ветеринариялық препараттар;"

2) 16-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Осы Заңның 10-бабының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар инфекциялық және паразиттік аурулардың таралу қаупі орын алған жағдайда, инфекциялық аурулардың пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін осындай аурулар тізбесіне сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының аумағына кіретін адамдар туралы деректерді аталған адамдардың немесе олардың заңды өкілдерінің келісімінсіз ұсынуға міндетті.";

3) мынадай мазмұндағы 3-1-тараумен толықтырылсын:

"3-1-тарау. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы ұлттық холдинг

19-1-бап. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы ұлттық холдинг

1. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы ұлттық холдинг биологиялық қауіпсіздік саласындағы қызметті осы Заңда айқындалған функциялар мен өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.

2. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы ұлттық холдинг:

1) мемлекеттің биофармацевтикалық өнімге қажеттілігін қамтамасыз ету;

2) биологиялық қауіпсіздік саласындағы жекелеген жобаларды іске асыру;

3) биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жәрдемдесу жөніндегі келісілген іс-шараларды іске асыру;

4) биофармацевтикалық нарықтың орнықты дамуына және инфрақұрылымын жетілдіруге жәрдемдесу;

5) биофармацевтикалық ғылым мен өнеркәсіпті дамытуды ынталандыру жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

19-2-бап. Мемлекеттің биофармацевтикалық өнімге қажеттілігін қамтамасыз ету

1. Егер Биологиялық қауіпсіздік саласындағы ұлттық холдинг биофармацевтикалық өнімді жалғыз өндіруші болып саналса, мемлекеттің қажеттілігі үшін биофармацевтикалық өнім осы холдингтен сатып алынады.

2. Осы бапқа сәйкес мемлекеттің қажеттілігін қамтамасыз етуге арналған биофармацевтикалық өнімді осы Заңға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік шараларды іске асыру мақсатында биологиялық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган айқындайды."

11. "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

13-баптың 10) тармақшасы "мамандарды" деген сөзден кейін ", оның ішінде дуальды оқыту бойынша білім алған түлектерді" деген сөздермен толықтырылсын.

12. "Кәсіптік біліктілік туралы" 2023 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап:

мынадай мазмұндағы 3-1) және 5-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесі – жұмыс күшінің болжамды сұранысы мен ұсынысын айқындауға мүмкіндік беретін қолданылатын әдістер мен тәсілдер кешені;"

"5-1) кәсіптерге қажеттіліктің өңірлік картасы – сараптамалық зерттеу әдістері негізінде астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары бекітетін, өңір үшін сұранысқа ие кәсіптер тізбесі;"

9) тармақша "болмаған кезде" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес белгіленген" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 4-бапта:

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) жұмыскерлердің өкілдері;"

11) тармақшадағы "орталықтары Ұлттық біліктілік жүйесіне қатысушылар болып табылады." деген сөздер "орталықтары;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары Ұлттық біліктілік жүйесіне қатысушылар болып саналады.";

3) 5-бапта:

4-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Салалық мемлекеттік органдар салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеуді және (немесе) жаңартып отыруды уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеу және (немесе) жаңартып отыру кезінде еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесі шеңберінде ағымдағы және алдағы кезеңдерде кәсіптердің өзектілігі, сондай-ақ кәсіптерге қажеттіліктің өңірлік карталары (бар болса) ескеріле отырып, еңбек нарығының кәсіптік біліктілікті танудағы қажеттілігі есепке алынады.

Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер салалық біліктілік шеңберлерін бекітеді.";

5-тармақта:

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Салалық мемлекеттік органдар кәсіптік стандарттардың әзірленуін қаржыландыруды уәкілетті орган айқындаған кәсіптік стандарттарды әзірлеу құнын есептеу әдістемесіне сәйкес Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің ұсынымдары негізінде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

алтыншы бөліктегі ", қайта даярлау мен біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламалары" деген сөздер "білім беру бағдарламалары, сондай-ақ кәсіптік оқыту бағдарламалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) цифрлық дағдылар банкің";

5) 8-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіптік біліктілікті тану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады,";

мынадай мазмұндағы 1-1), 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) стратегиялық, реттеушілік және іске асыру функцияларын жүзеге асырады,";

"3-1) кәсіптік стандарттарды әзірлеудің құнын есептеу әдістемесін әзірлеп, бекітеді;

3-2) еңбек нарығының қажеттіліктерін болжау, өңірде кәсіптік стандарттарды ендіру және қолдану, сондай-ақ тану орталықтарын құру және олардың жұмыс істеуін қолдау мәселелері бойынша астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасайды,";

6) мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:

"9-1-бап. Жергілікті атқарушы органдардың кәсіптік біліктілікті тану саласындағы құзыреті

Жергілікті атқарушы органдар кәсіптік біліктілікті тану саласында:

1) Біржолғы ваучерлерді беру, қаржыландыру және Қазақстан Республикасының өңірлері арасында бөлу қағидаларына сәйкес тіркелген жұмыссыз адамдардың кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өтуге арналған шығыстарын өтеп бере отырып, оларға біржолғы ваучер береді;

2) салалық мемлекеттік органдарға кәсіптер тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) жаңартып отыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесі үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

7) 11-баптың 2), 3) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

8) 13-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган:

1) Ұлттық біліктілік жүйесінің әдіснамасын және Ұлттық біліктілік жүйесінің, Ұлттық кәсіптер сыныптауышының базалық құралдарын әзірлеу және жаңартып отыру жөніндегі жоспарларды қалыптастырады;

2) салалық біліктілік шеңберлеріне, кәсіптік стандарттарға және аккредиттеуге өтініш берушінің құжаттарына сараптама жүргізеді;

3) Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша ақпараттық, консультациялық, әдістемелік қолдауды жүзеге асырады;

4) Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасын жүргізу арқылы Ұлттық біліктілік жүйесінің процестерін цифрлық сүйемелдеуді, дамытуды және интеграциялауды жүзеге асырады;

5) уәкілетті орган айқындаған жұмыс органы ретінде тану орталықтарын аккредиттеу процестерін ұйымдастырушылық және техникалық жағынан сүйемелдеуді жүзеге асырады;

6) Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасында аккредиттелген тану орталықтарының тізілімін жүргізеді;

7) тану орталықтарының қызметін мониторингтеуді жүзеге асырады;

8) уәкілетті органмен келісу бойынша кәсіптік біліктілікті тану саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

9) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.";

9) 3-тараудың тақырыбы "және кәсіптік біліктілікті тану саласындағы халықаралық ынтымақтастық" деген сөздермен толықтырылсын;

10) мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:

"15-1-бап. Кәсіптік біліктілікті тану саласындағы халықаралық ынтымақтастық

1. Кәсіптік біліктілікті тану саласындағы халықаралық ынтымақтастық Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Кәсіптік біліктілікті тану саласындағы халықаралық ынтымақтастық кәсіптік біліктіліктің салыстырмалы болуын қамтамасыз етуді, кәсіптік біліктілікті және (немесе) дағдыларды растайтын халықаралық сертификаттарды тануды қамтиды.

3. Ұлттық біліктілік жүйесіне қатысушылар кәсіптік біліктілікті тану саласында шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен өзара іс-қимыл жасайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықаралық бағдарламалар мен жобаларға қатысуға құқылы.

4. Кәсіптік біліктіліктерді және (немесе) дағдыларды растайтын халықаралық сертификаттарды тану уәкілетті орган айқындаған тәртіппен айқындалады.";

11) 17-баптың 1-тармағы алып тасталсын;

12) 23-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тану орталықтарын ерікті түрде және өтеусіз негізде аккредиттеуді уәкілетті орган өзі айқындаған тәртіппен жүргізеді.";

3-тармақтың бірінші абзацында:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтінге өзгермейді;

13) 24-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) кәсіптік біліктілікті тану жөніндегі қызметті өтініш берушінің қызмет түріне енгізу;"

14) 25-баптың 1, 2, 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уәкілетті орган аккредиттеу туралы немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімді кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестердің қорытындылары, ұсынылған құжаттарды сараптау және өтініш берушіні зерттеп-қарау нәтижелері негізінде қабылдайды.

2. Оң шешім қабылданған жағдайда, аккредиттелген тану орталықтарының тізбесіне мәліметтер енгізіліп, сериялық нөмірі бар аккредиттеу аттестаты беріледі және аккредиттеуден кейінгі шарт жасалады.

Тану орталығының қызметін мониторингтеуді жүзеге асыру мақсатында Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган мен тану орталығы арасында аккредиттеуден кейінгі шарт жасалады.

Аккредиттеу аттестатының нысанын, аккредиттеуден кейінгі шарттың үлгілік нысаны мен талаптарын уәкілетті орган бекітеді.

3. Тану орталықтарының қызметін мониторингтеу Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық органның кәсіптік біліктілікті тану рәсімін тану орталықтарының жүргізуі нәтижелерін бақылауы арқылы жүзеге асырылады.

Тану орталықтарының қызметін мониторингтеу нәтижелері бойынша аккредиттеу өлшемшарттарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, осы Заңның 26-бабының 2-тармағына сәйкес шаралар қабылданады.

4. Теріс шешім қабылданған кезде өтініш берушіге қағаз және (немесе) электрондық нысанда аккредиттеуден бас тарту себептері көрсетілген жауап жіберіледі.";

14) 26-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы" деген сөздер "Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы" деген сөздер "Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "осы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына" деген сөздер "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын.

15) 29-баптың 4-тармағындағы "уәкілетті орган бекіткен" деген сөздер алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң:

1) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он екі ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының 6) тармақшасын;

2) 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 4) және 8) тармақшаларын, 3-тармағының 1) тармақшасының төртінші абзацын, 2) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын, 4) тармақшасының екінші абзацын, 8), 11), 12), 13), 14), 15) және 17) тармақшаларын, 23) тармақшасының екінші абзацын, 25), 26), 27) және 28) тармақшаларын, 4-тармағының 3) тармақшасын, 4) тармақшасының төртінші абзацын, 5) тармақшасының екінші абзацын, 6), 10) және 13) тармақшаларын, 8-тармағының 2), 3), 4), 6), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларын;

3) 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 6-тармағы 1) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 4) тармақшасын, 9-тармағының үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ